

"Қазақстан Республикасы музей қорының музей заттарын есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 372 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2023 жылғы 29 тамыздағы № 239 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 4 қыркүйекте № 33373 болып тіркелді

#### БҮЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы музей қорының музей заттарын есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 372 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12822 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 35-4) тармақшасына сәйкес **БҮЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы музей қорының музей заттарын есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару нұсқаулығы осы бүйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрық қолданысқа енгізілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы тармақта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт  
Министрінің міндетін аткаруышы  
2023 жылғы 29 тамыздағы  
№ 239 бұйрығына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт  
министрінің  
2015 жылғы 7 желтоқсандағы  
№ 372 бұйрығымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасы музей қорының музей заттарын есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару нұсқаулығы

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы музей қорының музей заттарын есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару бойынша нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 35-4) тармақшасына сәйкес әзірленіп, Қазақстан Республикасы музей қорының музей заттарын (бұдан әрі – музей заттары) есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару тәртібін тиянақтайды.

2. Осы Нұсқаулықта келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) бейінді емес музей заттары – музейдің негізгі бейініне жатпайтын музей заттары;  
2) ғылыми-көмекші қор – көшірілуі, сақталу жай-күйі, бастапқы фрагменттілігі, сақтау мерзімдерінің шектелуі және/немесе өзге де себептері бойынша шектеулі ақпараттылығы бар және музей заттарын зерттеу және пайдалану кезінде қосымша функцияны орындайтын мәдени құндылықтардың жиынтығы;

3) мемлекеттік музей қоры (бұдан әрі – музей қоры) – мемлекеттік музейлер, музей-қорықтар мен басқа да мемлекеттік ұйымдар қорындағы және Қазақстан Республикасына тиесілі әрбір мәдени құндылықтардың жиынтығы;

4) музейдің дерекқоры (бұдан әрі – ДК) – музей заттары мен музей коллекцияларының мемлекеттік есепке алынуын қамтамасыз ететін, музей жинағына кіретін және Қазақстан Республикасының музей қорына енгізілген музей заты мен музей коллекциясы туралы мәліметтердің жиынтығы;

5) музей заты – қолданыстағы ортадан алынып, музейге әкелінген мәдени құндылық ;

6) музей заттарының атрибуциясы – музей затына тән барлық белгілерді: материалын, пішінін, құрылғысын, өлшемін, өндіріс әдісін, мақсатын, стилін, уақыты мен орнын, авторлық құқығын, әлеуметтік және этникалық өмір сұру ортасын, тарихи және мемориалдық маңызын анықтау;

7) музей коллекциясы – музей затының қасиетін тек шығу тегінің сипатына байланысты, түрлік туыстығы немесе басқа белгілері бойынша біріктіріп мәдени құндылықтар жиынтығы;

8) негізгі қор – мемлекеттік музейлер, музей-қорықтар мен басқа да мемлекеттік ұйымдардың қорында тұрақты пайдаланылатын және Қазақстан Республикасына тиесілі мәдени құндылықтардың жиынтығы;

9) цифрлық форматқа аудиостырылған музей заты – ақпараттық технологиялардың көмегімен цифрланған және электрондық тасығыштарда сақталатын мәдени құндылық;

10) уақытша сақтау қоры – музейлердің қор-сатып алу (қор-іріктеу) комиссиясының қарауы үшін оларды ғылыми зерделеу, қалпына келтіру, консервациялау, экспонаттау және мұражай жарғысында айқындалған өзге де мақсаттар үшін музей уақытша сақтауға қабылдаған заттардың жиынтығы;

11) эксперименттік қор – құрамына утилитарлық заттардан жасалған музей керек-жарақтары немесе ұзақ пайдалануға тұрақтылығы анықталмаған және уақытпен тексерілмеген қазіргі заманғы материалдардан жасалған заттар кіретін заттар жиынтығы.

## **2-тарау. Музей заттарын есепке алу**

3. Музей заттарын есепке алу олардың саны мен құрамын анықтау, сәйкестендіру, онтайлы сақтауды ұйымдастыру, орналасқан жерін жедел белгілеу, құрамы мен сақталу жағдайындағы өзгерістерді бақылау, ғылыми зерттеу және тиімді пайдалану мақсатында есепке алу құжаттамасында тіркеу болып табылады.

4. Музей тұрақты немесе уақытша пайдалануға қабылдаған барлық музей заттары осы Нұсқаулықтың 1, 2-параграфында айқындалған тәртіппен есепке алынуға жатады.

5. Музейдің ДҚ музей заттарын автоматты режимде есепке алууды ақпараттық қолдауды, осы музейде қандай да бір музей затының болуы туралы мәліметтерді іздеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

ДҚ деректемелерінің тізбесі осы Нұсқаулықтың 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21-косымшаларында белгіленген негізгі есепке алу құжаттарының көрсеткіштеріне сәйкес қалыптастырылады.

6. Музей заттарын есепке алу екі кезеңде қарастырылады:

- 1) музей заттарын алғашқы тіркеу;
- 2) музей заттарын түгендеу.

## **1-параграф. Музей заттарын алғашқы тіркеу**

7. Бастапқы тіркеу кезінде музей заттарына тиісті акт жасалады.

Музей актілеуді музей заттарын қабылдаған күннен немесе берген күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде және 3 (үш) данада жүргізеді:

- 1) осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша музей заттарын тұрақты сақтауға қабылдау актісімен;
- 2) осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша уақытша сақтауға қабылдау актісімен;
- 3) осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша музей заттарын тұрақты сақтауға беру актісімен;
- 4) осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша музей заттарын уақытша сақтауға беру актісімен;
- 5) осы Нұсқаулықтың 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша уақытша сақтаудан музей заттарын қайтару актісімен (бұдан әрі – Актілер) ресімделеді.

#### 8. Актілер:

- 1) осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Музей заттарын тұрақты сақтауға қабылдау актілерін тіркеу кітabyнда;
- 2) осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Музей заттарын уақытша сақтауға қабылдау актілерін тіркеу кітabyнда;
- 3) осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Музей заттарын тұрақты сақтауға беру актілерін тіркеу кіtabyнда;
- 4) осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Музей заттарын уақытша сақтауға беру актілерін тіrkeu kіtabyнда;
- 5) осы Нұсқаулыққа 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Музей заттарын уақытша сақтаудан қайтару актілерін тіrkeu kіtabyнда (бұдан әрі – тіrkeu kіtаптары) тіrkelеді.

9. Негізгі, ғылыми-қосалқы, уақытша және эксперименттік қорларға тұрақты сақтауға қабылданатын музей заттарын актілеу және салыстыру Қор-сатып алу (кор-іріктеу) комиссиясының (бұдан әрі – ҚСА (ҚІК) хаттамасы негізінде жүзеге асырылады.

10. Музей заттарын музейге қабылдау кезінде музей заттары туралы мәліметтер Негізгі қордың түсімдер кітabyна осы Нұсқаулықтың 11 қосымшасына сәйкес, Ғылыми-қосалқы қордың түсімдер кітabyна 12 қосымшасына сәйкес, Эксперименттік қордың түсімдер кіtabyна 13 қосымшасына сәйкес Уақытша қордың түсімдер кіtabyна 14 қосымшасына сәйкес (бұдан әрі – түсімдер кітaby) нысандар бойынша енгізіледі.

11. Түсімдер кітаптарына мәліметтер енгізілген кезде әрбір музей затына реттік тіrkeu nөmірі беріледі, ал музей затының әрбір коллекциясына коллекцияны құрайтын заттар санына қарай бөлшек нөmір беріледі.

Музей коллекцияларын қабылдау кезінде осы Нұсқаулыққа 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша музей заттарының коллекциялық тіzімдемесі жасалады.

12. Түсім кітаптары мен тіrkeu kіtаптары қолжазба түрінде жүргізіледі. Күнделікті пайдалану үшін электронды түрдегі түсімдер кіtabyның көшірмесі қалыптастырылады.

13. Тұсім кітаптары мен тіркеу кітаптары толтырылғанға дейін тігіледі, параптартары нөмірленіп, музей директоры, музейдің бас қор сақтаушысы, музейдің есепке алу бөлімінің басшысы қол қояды және музейдің мөрімен (бар болса) бекітіледі.

14. Тұсімдер кітаптары мен тіркеу кітаптары бойынша соңғы жазба енгізілгеннен кейін әр жылдың бірінші қаңтарында осы Нұсқаулықтың 16-қосымшасына сәйкес нысан бойынша кітаптар тізімдемесі жасалады.

15. Музей заттарының саны көп болған жағдайда Түгендеу кітаптары музейдің қор қоймаларының үй жайларында бөлімдер бойынша сақталуы мүмкін.

16. Актілерге, тіркеу кітаптарына және тұсім кітаптарына өзгерістер немесе толықтырулар енгізу келесі жағдайларда:

1) музей заттарының атрибуциясын өзгерту немесе нақтылау кезінде;

2) музей заттары туралы жаңа мәліметтер алған жағдайда;

3) музей затының жай-күйі туралы жаңа мәлімет алған жағдайда Музейдің ҚСА (ҚІК) хаттамасының негізінде рұқсат етіледі.

17. Музей заттарын есепке алушы жүргізу кезінде әрбір музей затының, оның ішінде музей коллекциясының саны бірлікпен өлшенеді. Әрбір музей затына немесе коллекциясына осы Нұсқаулықтың 17-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ресімделген музейдің қысқартылған атауынан, музей заты дайындалған материалдың бірінші әрпінен, негізгі қордың тұсімдер кітабында және музей заттарын есептік түгендеу кітабында (бұдан әрі – есептік түгендеу кітабы) берілген нөмірлерден тұратын шифр беріледі.

18. Музей затының шифры музей затына анық, оның сыртқы түрін бұзбай, қолжазба немесе баспа түрінде немесе қазіргі заманғы технологиялардың көмегімен өзге де түрде қойылады. Уақытша сақтауға қабылданған музей заттарына шифр заттаңбаны пайдалана отырып қойылады.

Беті тегіс емес және бұдырлы заттарда реставраторлар ұсынған арнайы желіммен бекітілген этикеткалар қолданылады, таңбалары, маркалары және өзге де ерекшеліктері бар бұйымдарда шифр бос орындарға қойылады.

19. Шифрды жаңарту кезінде музей заттарына осыған қойылған барлық шифрлар сақталады.

20. Шифр:

1) металдан жасалған заттарда - эмаль бояумен;

2) миниатюраларда, монеталарда, медальдарда, геммаларда, тастанда, кресттерде, ұсақ археологиялық заттар мен фрагменттерде - олардың монтаждау, жеке қаптама (конверттер, футлярлар, қораптар) немесе қалың картоннан немесе металдан жасалған заттаңбаларында;

3) ашылатын заттарда (қобдишалар, табакеркалар) – балықтың желімімен жабыстырылған заттаңбаны пайдалана отырып, оның ішкі бетінде;

4) атыс қаруының – тұсіру планкасының ішкі жағында;

5) сүйк қарудың – тұтқасында немесе ілулі заттаңбасында (картон немесе металл);  
6) қорғаныс қару-жарагының (шлемдер, қалқандар) – ішкі жағында;  
7) картиналарда шифр тақтайшаның жоғарғы немесе төменгі планкасының сол жақ бұрышында бояумен жазылады. Зембілдері жоқ картиналарда шифр кенептің шетіне картинаның артқы жағынан төменгі сол жақ бұрышына қойылады. Үлкен картиналарда шифр екі жерде: жоғары және төменде қойылады;

8) тығыз, түспейтін қағаздан жасалған акварельдерде, суреттерде, гравюраларда, плакаттық материалдарда шифрлар заттың сыртқы жағындағы бұрыштардың бірінде (оң немесе сол жақта) мөртабанмен белгіленеді;

9) рамкаға, паспартқа немесе жиектемеге бекітілген суреттерде шифр жиектемеде қайталанады. Аса күрделі монтаждау және қажет етпеу, затты пішу (егер пішу осы заттың зақымдануына әкеп соқтыруы мүмкін болса, мысалы, пастель) орын алған жағдайда оның нөмірі мен шифры заттың жиегіне қойылады, ол туралы есептік түгендеу кітабының ("ескерту" бағанында) тиісті белгі қойылады;

10) суреттері немесе фотосуреттері бар альбомдарда шифр титул парагының сыртына жазылады. Сондай-ақ альбомның әрбір парагының сыртына музейдің шифрымен мөртабан қойылады;

11) иконаларда (тақтайларда) нөмірдің шифры тақтаның шетіне немесе сыртына ақ немесе көгілдір (ашық) бояумен қойылады. Екі жақты иконда шифр оның шетіне қойылады.

Металдан жасалған иконаларда, сондай-ақ кресттерде тығыз картоннан жасалған этикеткалар шифры мен нөмірлерімен тығыз қатал жіптің көмегімен затқа ілінеді (сыммен бекіту рұқсат етілмейді). Сондай-ақ, егер оларды тікелей затқа қою мүмкіндігі болмаса, нөмірлер мен миниатюраларға және басқа да ұсақ заттарға қойылады;

12) мүсінде (ағаш, мәрмәр, металл) шифр плинттің төменгі бұрышына сол жақ артқы жағына эмаль немесе майлы бояумен қойылады. Ұсақ мүсінде шифр тұғырга қойылады.

Ірі мүсінде, әсіресе қабырға мұздатылатын рельефтерде шифр экспозициялық емес бүйірлерінде, әр жағынан екі-үш орынға қойылады;

13) қыш заттарда (саз, фарфор, фаянс), сондай-ақ ағаштан және тастан жасалған заттарда шифр тұғырга майлы бояумен немесе ұшаны кейіннен ұшаны мөлдір лакпен жаба отырып қойылады.

Тұғырығында таңбалармен және маркалармен жабдықталған қыш бұйымдарда шифр таңбалар мен таңбалардың үстіне қойылмайды;

14) жиһазға шифр (металл немесе қатты картоннан жасалған) артынан қойылады (заттың рамасына, орындықтың астына):

үстелдерде – негізгі рамаға, тақтаның артқы жоғарғы жағынан;

шкафттарда – сол есіктің артқы жағында;

15) оку үшін берілмейтін бірегей, музейлік маңызы бар кітаптарға шифрлар (мөртабанмен жазылған) негізгі бетінің артқы жағына қойылады;

16) табиғи тарихи заттарда шифр:

жануарлардың ұшаларында – арнайы ілмелі жапсырмаларда;

тұлышта – банкаға немесе тұрақты футлярға салынған препараттардың тұғырында, банканың немесе футлярдың сыртқы жағында қойылады;

17) гербариyllік парактарда – әрбір парактың төменгі сол жағында;

альбомға салынған гербариyllік парактарда, альбомның бірінші параграфында (титул параграфы);

18) геологиялық және палеонтологиялық үлгілерде – заттарда;

19) топырақ үлгілерінде – монолитті жәшіктердің қабырғаларында немесе үлгілері бар банкаларда және қораптарда;

20) сусымалы денелерде – қаптамада;

21) негативтер мен диапозитивтерде шифр эмульсияға ұшамен қойылады;

жекелеген фототаңбаларда – сол жақ төменгі бұрышында;

альбомға құрастырылған таңбаларда – мұқабаның немесе бірінші (титул) параграфында сырт жағында қойылады;

22) көлемі 9x12 миллиметрден (бұдан әрі – мм) кем негативтерде шифр конвертте, ал аз форматты позитивтерде – монтаждауда қойылады;

23) ұсақ заттарда (сырға, сақина, түймелер) шифр өндөлмеген жіппен ілінген заттаңба арқылы қойылады;

24) маталарда заттаңба (мөртабаны мен нөмірлерімен) ашық тығыз материядан (коленкор, кенеп) жасалып, бұйымдардың астарына тігіледі. Егер зат тігілген болса (мысалы, юбка), жапсырма төменгі шетіне тігіледі.

Кілемдерде, сарайларда, маталардың кесінділерінде және мата үлгілерінде затбелгі сол жақ жоғарғы немесе төменгі бұрышына тігіледі.

21. Музей заттарын сақтау және пайдалану шифр қойылғаннан кейін жүргізіледі.

22. Музейде қазіргі заманғы технологиялық, оның ішінде электрондық процестердің көмегімен музей заттарын шифрлау жүйесін (бұдан әрі – автоматты сәйкестендіру жүйесі) қолдану ҚСА (ҚІК) хаттамасына сәйкес жүргізіледі.

## 2-параграф. Музей заттарын түгендеу

23. Музей заттарын түгендеу затты сәйкестендіруге және оған ұқсас заттардың қатарында даралауға мүмкіндік беретін заттың көрнекі сипаттамаларының толық сипаттамасы болып табылады.

24. Музей заттарына түгендеу жүргізу:

1) музей заттарына ғылыми түгендеу жүргізу;

2) музей заттарының бар-жоғын салыстырып тексеру шараларынан тұрады.

25. Музейдің негізгі қорына түсken барлық музей заттары ғылыми түгендеуге жатады.

Түгендеу кезінде музей заттары құрамына (түріне) байланысты жеke топтар бойынша негізгі қордың сыныптамасына сәйкес жүйеленеді.

26. Музей заттары алғашқы тіркелгеннен кейін есептік түгендеу кітабына музей заты туралы мәлімет енгізіліп, шифр қойылады.

Әрбір музей затына осы Нұсқаулықтың 18-қосымшасына сәйкес нысан бойынша түгендеу карточкасы толтырылады.

27. Есептік түгендеу кітабына музей заттары туралы мәліметтерді енгізу кезінде әрбір музей затына реттік нөмір беріледі, ал әрбір музей коллекциясына коллекцияны құрайтын заттар санына қарай бөлшек нөмір беріледі.

28. Есептік түгендеу кітабы қолжазба түрінде жүргізіледі.

29. Есептік түгендеу кітабы толтырылғанда дейін тігіледі, параптартары нөмірленіп, музей директоры, бас қорсақтаушы, есепке алу бөлімінің басшысы қол қояды және музейдің мөрімен (болған жағдайда) бекітіледі.

30. Тұсімдер кітаптары мен есептік түгендеу кітаптарына өзгерістер қызыл сиямен енгізіліп, музей директорының, музейдің бас сақтаушысының, музейді есепке алу бөлімі басшысының қолдарымен расталады және музей мөрімен (бар болса) бекітіледі.

31. Музей заттары мен коллекцияларының сақталу жағдайына, сондай-ақ бар-жоғын салыстырып тексеру үшін мониторинг жүргізу музей директоры бекіткен салыстыру кестесіне сәйкес актілермен, келіп түсken кітаптар, түгендеу кітаптарының негізінде жүзеге асырылады.

32. Тексеру кестесінде келесі мерзімдер көрсетіледі:

- 1) үш мыңға дейінгі музей заттары бар музейлерде – жыл сайын;
- 2) отыз мыңға дейінгі музей заттары бар музейлерде – үш жылда бір рет;
- 3) отыздан үш жүз мыңға дейінгі музей заттары бар музейлерде – бес жылда бір рет;
- 4) үш жүзден бес жүз мыңға дейінгі музей заттары бар музейлерде – жеті жылда бір рет;
- 5) бес жүз мыңдан бір миллионға дейінгі музей заттары бар музейлерде – он жылда бір рет;
- 6) бір миллионнан астам музей заттары бар музейлерде – он бес жылда бір рет.

33. Музей заттары мен коллекцияларын мониторингтеу және салыстырып тексеру нәтижесінде осы Нұсқаулықтың 19, 20-қосымшаларына сәйкес Музей заттары мен музей коллекцияларының бар-жоғы мен сақталу жай-күйін салыстырып тексеру актісі және заттардың сақталу жай-күйіне мониторинг жүргізу және салыстырып тексеру барысында анықталған сақталуында өзгерістер бар музейлік заттар тізімі жасалады.

### **3-тарау. Музей заттарын сақтау**

34. Музей заттарын сақтау музей заттарының физикалық сақталуын қамтамасыз етіп, оларды қираудан, бұлінуден және үрлаудан қорғауды, сондай-ақ оларды зерттеу мен экспонаттауға қолайлы жағдайлар жасаудан тұрады.

Музей заттарын сақтау қор қоймасында, экспозицияда, музей затын музей іші мен одан тыс жерлерге орын ауыстыру кезінде жүзеге асырылады.

35. Музей заттары:

- 1) температуралық-ылғалдылық режимі;
- 2) жарық режимі;
- 3) биологиялық режимі сақталатын ғимараттарда орналастырылады.

36. Әртүрлі музей заттарын кешенді сақтау кезіндегі ауа температуrasesы  $+180 \pm 1^\circ$  Цельсий (бұдан әрі – С) шегінде белгіленеді, салыстырмалы ылғалдылықтың оңтайлы жағдайлары  $50\% \pm 5\%$ .

37. Музей заттарын сақтау қоймаларында оларды кешенді сақтау кезінде ауа температуrasesы  $+20^\circ$  С-тан аспайтын шекте (салыстырмалы ылғалдылығы 53%-ға дейін болғанда) белгіленеді.

38. Музей заттары орналасқан ғимараттың ауа температуrasesы:

- 1) қара-ақ фотоматериалдардан жасалған музей заттары үшін, салыстырмалы ылғалдылығы 40%-дан 50%-ға дейін болғанда –  $+120^\circ$  С-тан жоғары емес;
- 2) түрлі-түсті фотоматериалдар үшін –  $+50^\circ$  С-тан жоғары емес;
- 3) балауыз бен ермексаздан жасалған музей заттары үшін  $+160^\circ$  С-тан  $+250^\circ$  С-қа дейін;
- 4) бағалы және жартылай бағалы тастар мен сарғылт дүрден жасалған музей заттары үшін  $00^\circ$  С-тан төмен емес ауа температуrasesы белгіленеді.

39. Музей заттарын кешенді сақтауда салыстырмалы ауа ылғалдылығы 50-ден 65%-ға дейінгі аралықта белгіленеді.

40. Музей заттарын сақтау үшін:

- 1) хлорлы қоспа түрінде коррозиясы бар археологиялық музей заттары үшін 37 %-дан 50 %-ға дейін;
- 2) фотоматериалдардан тұратын музей заттары үшін 40-тан 50%-ға дейін температура-ылғалдылық режимі белгіленеді.

41. Музей заттары орналасқан әр ғимаратқа температура мен ылғалдылықты тіркеу үшін психрометр, гигрометр, термометр және тағы басқа құралдар орнатылады.

42. Ауаның температуrasesы мен ылғалдылық көрсеткіштері тәулігіне екі рет бір мезгілде белгіленеді.

43. Егер ғимараттың температура-ылғалдылық режимінің ылғалдылығы жоғары болса, қабырға мен жабдықтардың арақашықтығы он сантиметрден (бұдан әрі – см) кем болмауы тиіс, егер ылғалдылық төмен болған жағдайда жалпы ылғалдандыру құралдары қолданылады.

44. Музей ғимаратында музей заттарына күн сәулесі тікелей түспеуі тиіс.

45. Графиканың барлық түрі, кітап, қолжазба материалдары, фотосуреттер, мата, ботаникалық және зоологиялық коллекциялар, былғарыдан жасалған заттар үшін музей ғимаратының жарықтылығы 50-75 люкс, қалған барлық музей заттары үшін – 75 люкс шамасында болуы тиіс.

46. Майлыштың және аралас техникалы кескіндеме, сондай-ақ сүйектен жасалған музей заттарына құндізгі уақытта жүйелі жарықтандыру (табиги және жасанды) қажет.

47. Заттар қағаз тасығыштарда, сондай-ақ барлық мұрағаттық құжаттар қарандыда сақталады.

48. Музей ғимаратында видеотүсірілім, фототүсірілім жүргізу кезінде:

1) музей заттарының қызып кетпеуін;

2) түсірілім жүргізіліп жатқан музей ғимаратының ауа температурасының 20 С-тан көтерілмеуін;

3) жарық көзінің музей заттарынан 4 метр (бұдан әрі – м) қашықтықта орналасуын;

4) жарықтың аз ғана уақытқа (3-5 минуттан артық емес) қосылуын бақылау қажет.

49. Музей заттары электронды жарқылдағы бар фотосуретке түсірілмейді.

50. Кескіндемені сақтау үшін заманауи кескіндеме туындыларын сақтайтын арнайы сөрелер қолданылады.

Заманауи жабдықтар болмаған жағдайда кескіндемені сақтау келесі жолмен жүзеге асырылады:

1) қалқандарға іліп қою. Жақтаулы картиналар стационарлық (жылжымайтын) немесе ірі металл торға бекітілген жылжымалы жайма тақтаға ілінеді. Торға картинаны ілу ілмектердің көмегімен жүзеге асырылады. Ілмектің бір ұшы картинаның жақтауына бұралған шығыршыққа, ал екіншісі тордың көзіне орнатылады. Торлар мен ілгектерде тottтануға қарсы жабын болуы қарастырылады;

2) стеллаждарда:

кенептегі картиналар мен кескіндеме шығармалары тақтайларда, әрбір шығармаға арналған ұяшықтары бар стеллаждарда сақталады;

тақталардағы (ағаш) суреттер мен иконалар ауаның кіруін қамтамасыз ету мақсатында торлы негізді стеллаждарда сақталады. Тақтайша төсемелері шығармалардың беткі жағына жалпағынан перпендикуляр жатқызылады. Стеллаждың тік қабырғасы матамен қапталған арнайы жеке еніс ұяшықтармен жабдықталады;

кенепке салынып жақтауға көрілген картиналар ауа айналымын қамтамасыз ететін торлы еденнің (негіз) үстінде сақталады. Үлкен көлемді туындыларды стеллаждан алғанда және орналастырғанда сырылmas үшін тақташалардың арасына тірек қондырылады;

3) қатарларда (тек уақытша сақтау):

жақтаусыз, қалың тақтайларға сынамамен салынған картиналар, сондай-ақ иконалар көлеміне қарай бір-біріне беткі жағымен қараты қойылып, уақытша өлшемі бойынша тұғырықтарда еденнен кемінде 15 см қашықтықта, картиналар бір-біріне қараты

сақталады. Шығармалардың арасына кенеп және мақтадан жасалған жастықшалар салынады;

кенеп бетіне салынған жақтаусыз картиналар көлеміне қарай еденнен кемінде 15 см қашықтықта, картиналар бір-біріне беткі жағымен қараты қойылып төсемесіз сақталады ;

ұлken өлшемді майлы кескіндеме картиналар арнайы біліктегі сақталады. Суреттер білікке алдыңғы жағымен сыртқа қарай қойылады.

Картиналар сақталатын үй-жайларда сөрелер, қатарлар арасында өту жолдарының ені кемінде 1 м болып белгіленеді.

51. Бір біліктегі бес картинаға дейін сақталады. Әрбір кенепке микалентті немесе папирос қағазы салынады.

Майлы бояулы кескіндеме шығармаларын орауға арналған біліктегі құрғақ, беті жұмсақ материалдан келесі көлемде дайындалады:

1) біліктің диаметрі 50 см және одан да ұзын (қайталанған картиналар мен ірі кескіндемелі картиналар 50-ден 70 см-ге дейін);

2) біліктің ұзындығы картинаның енінен 10-нан 20 см-ге дейін асады;

3) білік қаңқасы фанерамен, содан кейін жұмсақ мақта матамен қапталған;

4) біліктің екі жағына бекітілген ұстаманың диаметрі білікке оралған картина еденнен 10-15 см жоғары тұратындағы есеппен жасалып, біліктің диаметрінен ұлken болуы тиіс.

Біліктегі кенептердің сақталуы екі-үш жылда бір рет тексеріледі. Майысуы немесе өзгеріске ұшырамауы үшін картина оралған білік көлденең күйде сақталады. Жылына екі рет білікті ось бойынша айналдыра 1800-қа бұрады.

Біліктегі көлденең күйде екі жағынан, бір-бірінен 30 см қашықтықта, арнайы металл құрылым - стеллаждарға екі-үш данадан қатар ілінеді.

52. Темперлік және желімдік кескіндеме техникасында, пастельде, сондай-ақ аралас техникада орындалған картиналар әйнектелген түрде сақталады.

53. Экспозицияда кескіндемелер шыны астында экспозицияланады. Шыны кескіндемеге тимес үшін жиектеріне қалындығы 2-5 мм ағаш, қалың қағаз және тығын төсемдер жасалады.

54. Графика туындылары терезесі жоқ қағаз шарнирлерге (табандарға) паспарттың жартысына бекітіледі, олар айналымнан музей затының жоғарғы шетіне және паспортқа жапсырылады және металл шкафттарда сақталады.

Паспартсыз графиканың параллелері микалентті қағаз төселіп, көлденең күйде сақталады. Барлық графикалық параллелер жабық шкафттарда, жылжымалы жәшіктерде сақталады.

55. Қолжазба кітаптары (пергаментте және қағазда орындалған) жарық пен шаңнан сақтауды қамтамасыз ететін шкафттарда сақталады.

Көне қолжазбалар мен ескі баспа кітаптар қаптарда немесе қораптарда сақталады.

Мактау қағаздары (пергамент және қағазда орындалған) папкаларда шкафтар мен стеллаждарда көлденең күйінде сақталады.

56. Күкіртті және тұзды қоспалы минералдар тобынан жасалған музей заттары тығыз тығындалған мойны кең банкаларда сақталады.

57. Матадан жасалған музей заттары материалдардың түрлері бойынша жабық шкафтарда немесе жәшіктерде, ал маталар микалентті қағазға оралған күйінде сақталады.

58. Кілемдер, үлкен мөлшердегі гобелендер алдыңғы жағы біліктері ішке оралып сақталады. Біліктерінің диаметрі 10 см-ден кем емес, білік ұзындығы өнімнің енінен 20 см-ге артық.

Кілеммен немесе гобеленмен оралған білік тығыз қағазбен немесе мақта матамен мұқият оралып, матаның кең жолағымен байланады. Киізден жасалған бұйымдардың бет жағы ішкі жағына оралып, көлденең күйде сақталады.

59. Алтын, күміс, меруерт және өзге де бедерлі тігістермен және аң терісімен әшекейленіп тігілген музей заттары жеке сақталады, әр зат микалентті қағазға оралып, заттардың арасына бірнеше қабат микалентті қағаз салынады.

60. Былғарыдан жасалған музей заттары жонқалы-ағаштардан дайындалған плиталардан басқа шкафтарда сақталады. Шкафтың ішінде:

1) киім бұрыштарында макталы жастықшалардан жасалған төсемелері бар киім ілгіштерде;

2) бас киімдерді жеке қораптарда сақтайды. Пішінін бұзылудан сақтау үшін бас киімдерді қалыптарға кигізеді;

3) аяқ киімді іші жұмсақ қағазбен тығыздалған ағаш қалыптарда;

4) былғары жабдықтар мен әбзелдер дәңгелек ағаш тіреуіштерде сақталады.

61. Ағаштан жасалған мүсін, үлкен көлемді сандықтар мен жіп іру станоктары стеллаждар мен сөрелерде сақталады.

62. Ірі және орташа көлемді мүсіндер подиумдар, стеллаждар мен тұғырларда сақталады.

63. Фарфордан, қыштан, шыныдан, экластан, гипстен, мәрмәрдан жасалған музей заттары шкафтардың әйнектелген сөрелерінде сақталады.

64. Түрлі-түсті және қара металдан жасалған музей заттары асыл металдан жасалған заттардан бөлек сақталады.

65. Атыс және суық қарулар күзет дабыл құралымен жабдықталған ғимаратта сақталады.

66. Нумизматика (монеталар, медальдар, ордендер, жетондар, белгішелер) жалпақ тартпалы тартпалармен жабдықталған шкафтарда сақталады. Жәшіктің биіктігі 3-5 см. Жәшіктерге биіктігі 1,5-2 см музей заттарының көлемінен ені мен терендігі 1 см-ге асып тұратын қаңылтыр, картон, пластмасса қораптар (қақпақсыз) орнатылады.

67. Негативтер мен диапозитивтер металл шкафтарда және ұяшықтары бар қораптарда сақталады, әрбір музей заты тығыз қағаздан жасалған конвертке салынады.

68. Позитивтер бір пакетте 10 данадан аспайтын, алдын ала микалентті қағазбен қапталған өлшеміне сәйкес фотоқағаз пакеттерде сақталады.

69. Кинотаспалар стандартты темір қораптарда, дыбыс таспалары қатырма қораптарда сақталады.

70. Магнит таспалары ағаш сөрелерге тігінен қойылған алғашқы қаптамасында немесе арнайы дайындалған қатырма қағаз қораптарда сақталады.

71. Оптикалық жинақ дисктер, алынбалы дисктер пластикалық контейнерлерде және ағаш шкафтарда сақталады.

72. Металл геологиялық барлау құралдары (балғалар, шапқылар, жеңілдетілген бүрғы жиынтықтары және басқалар) жұмсақ орында сақталады.

